



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.08.2025 ж.

Алғабас ауылы

№ 63-7

село Алғабас

Орта білім беру ұйымында мектеп
формасын сақтау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға» сәйкес, білім алушылар арасында тәртіп пен бірыңғайлықты сақтау, оқушылардың келбетіндегі артықшылықтар мен әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы орта білім беретін мектебінің барлық оқушыларына бірыңғай мектеп формасын сақтау міндеттелсін.
2. Мектеп формасына қойылатын талаптар:
классикалық үлгідегі киім (қыздар үшін: белдемше, жейде, жилет, пиджак; ұлдар үшін: шалбар, жейде, жилет, пиджак);
түсі – классикалық көк немесе қара, ақ жейде, мектептің символикасы бар галстук/эмблема (болса);
спорттық киім тек дене шынықтыру сабағына ғана рұқсат етіледі;
діни, субмәдени немесе әлеуметтік бағыттағы элементтерге жол берілмейді (мысалы, хиджаб, жыртық джинсы, жарқыраған әшекейлер, шаш бояу және т.б.).
3. Сынып жетекшілері:
оқушылар мен ата-аналарға мектеп формасына қойылатын талаптарды түсіндірсін;
әр күні оқушы келбетін тексеріп, мектеп формасына сай келмеген жағдайда тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға хабарлассын.
4. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар мен мектеп әкімшілігі ай сайын мониторинг жүргізіп, тәртіп бұзушыларға қатысты түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырсын.
5. Ата-аналар комитетіне мектеп формасына қатысты қоғамдық бақылау жасау ұсынылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Тамабаеваға жүктелсін.



Директор:

К.К.Бираяков

Жамабаева Жанна Ахметовна

000086

«Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі»

Мектепшілік ата-аналар жиналысы

2025–2026 оқу жылы

26.05.2025 №123 Бұйрық

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР


1. Тәуелсіздік және Отаншылдық
2. Бірлік және Ұнтымақ
3. Әділдік және Жауапкершілік
4. Заң және Тәртіп
5. Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
6. Жасампаздық және Жаңашылдық





«Адал азамат» тұжырымдамасының
идеалдарына сай, патриоттық рухта
тәрбиеленген, білімді әрі
жасампаз ұрпақты қалыптастыру

«Адал азамат» бағдарламасы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРДАҒЫ 26 БҰЙРЫҒЫ

5

ТАРМАҚ

Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі

6

ТАРМАҚ

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі

7

ТАРМАҚ

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді

13

ТАРМАҚ

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды



БІЛІМ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ ЗАҢЫ

5 БАП
39
тармақы

№26
Бұйрық

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін **міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.**

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРДАҒЫ 26 БҰЙРЫҒЫ

5
тармақ

Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі

6
тармақ

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі

7
тармақ

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді

13
тармақ

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды



ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- шалбар*,
- мерекелік жейде,
- күнделікті жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска
- **қысқы мезгілде:** трикотаж жилет, водолазка.



* ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады

ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- юбка,
- шалбар*,
- классикалық жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска
- **қысқы уақытта:** трикотаж жилет, сарафан, водолазка.



* қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады

ҮЛГЕРІМ – ТӘРТІП – МЕКТЕП ФОРМАСЫ

**ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ
ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ**

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- ішкі тәртіп **ережелерін**, білім беру ұйымының **Жарғысын** сақтау;
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.



САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

ОҚУДА:

- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл жемлектерге ұқыпты қарау.

ІШКІ ТӘРТІП БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

1) тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады

2) тәртіп бұзушылар мектепшілік есепке (БЖТ) алынады

3) тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады

4) қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі